

Сарыағаш аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті жиырма тоғызыншы сессиясы 2022 жылдың 23 желтоқсан күні сағат 16:00-де Сарыағаш аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтетіндігін хабарлаймын.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2022 жылдың 23 желтоқсан күні сағат 10:00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді.

Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс сессиясының онлайн трансляциясы saryagashmaslihat.gov.kz сайтында жүргізіледі.

Сессия қарауына енгізілген мәселелер:

1. «2023-2025» жылдарға арналған Сарыағаш аудандық бюджеті туралы
2. Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімінің және жастар ресурстық орталығының бір жылда атқарған жұмыстары туралы;
3. Қызылжар ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
4. Қабланбек ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
5. Дарбаза ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
6. Құркелес ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;
7. 2023 жылға арналған Сарыағаш аудандық мәслихатының жұмыс жоспарын бекіту туралы;
8. Сарыағаш аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының 2022 жылы атқарған жұмыстары туралы;
9. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2022 жылы атқарған жұмыстары туралы;
10. Сарыағаш аудандық мәслихатының бақылауда тұрған шешімдері мен тұрақты комиссияларының қаулыларының орындалу барысы туралы;
11. Сарыағаш аудандық учаскелік сайлау комиссияларының кейбір мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.